

# **DEXP**

**СЫМСЫЗ  
зарядтау  
құрылғысы  
DEXP WLC028**

## **Құрметті сатып алушы!**

«DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Пайдалануды бастаудан бұрын қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат пен өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау жөніндегі ұсыныстар көрсетілген осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және бұйымды әрі қарай пайдаланған кезде оны анықтамалық материал ретінде қолданыңыз.

## **Құрылғының қолданылу мақсаты**

Сымсыз зарядтау құрылғысы бар автомобиль ұстауышы сымсыз зарядтау функциясын қолдайтын мобилді құрылғыларды бекітуге және зарядтауға арналған.


## **Сақтық шаралары**

- Сымсыз зарядтауды және сымсыз ЗҚ қолдайтын құрылғыларды судан және басқа сұйықтықтардан, сондай-ақ жылу көздерінен алыс ұстаңыз.
- Тазалау алдында құрылғыны желіден ажыратылғанын тексеріңіз.
- Құрылғыны бөлшектемеңіз, құлатып алмаңыз және сілкімеңіз.

## **Техникалық сипаттамалары**

- Үлгісі: WLC028.
- Кіріс кернеуі/ток: 5 В/3 А, 9 В/2 А, 12 В/1,5 А.
- Шығу қуаты: 15 Вт/10 Вт/7,5 Вт/5 Вт.
- Беріліс арақашықтығы: 4–6 мм.
- Қуат көзі стандарты: Qi.
- Материалы: АБС пластигі, силикон.
- Жиынтықтамасы: сымсыз зарядтау құрылғысы, желдеткіш торына тағылатын топсалы қондырғы, сорғыш, Туре-С кәбілі, пайдаланушы нұсқаулығы.

## Құрылғы схемасы




1. Смартфонды бекіткіш.
2. Сенсорлы батырма.
3. Индикатор.
4. Сымсыз зарядтау аймағы.
5. Type-C қосқышы.
6. Реттелетін тіреуіш.
7. Желдеткіш торына бекіткіш.
8. Бекіткішті бекітуге арналған қысқыш.
9. Қарнақ.
10. Сорғыш бекіткіші.
11. Сорғыш.
12. Көлбеулену бұрышын реттегіштер.

## Орнату

1. Сорғышты сомын көмегімен ұстауышқа бекітіңіз, кейін оны тартып тастаңыз.
2. Ұстауышты бетке орналастырыңыз және сорғышты бекітіңіз.
3. Туре-С кәбілінің бір ұшын ұстауышқа, ал екінші ұшын автомобиль зарядтау құрылғысына қосыңыз.

**Ескерту:** ұстағыштың ұзындығы 11,5 см-ден 16,5 см-ге дейін реттелуі мүмкін.




## Желдеткіш торына бекіткіш

Бекіту бекіткіштерінің орнын желдету торының тесіктеріне сәйкес реттеңіз. Бекіткішті орнатыңыз және қысқыш көмегімен бекітіңіз.

**Ескерту:** құрылғы көлденең, тік және кейбір дөңгелек тесіктері бар желдету торларының көпшілігіне жарамды.

Торлардың келесі түрлеріне жарамайды:



## Пайдалану

1. Құрылғыны қосқаннан кейін индикатор жанады, 5 секундтан кейін бекіткіштер автоматты түрде ашылады. Смартфонды ұстауышқа орнатыңыз.
2. Смартфонды орнатпас бұрын тұрақты зарядтауды қамтамасыз ету үшін, смартфонның артқы жағындағы орталық күйін сымсыз зарядтау аймағымен тұралау арқылы тіреуіштің орнын реттеңіз.
3. Смартфонды ұстауышқа орнатқаннан кейін бекіткіштер автоматты түрде жабылады. Егер смартфон Qi сымсыз зарядтау хаттамасын қолдаса, зарядтау басталады, индикатор баяу жыпылықтайды. Егер смартфон сымсыз зарядтауды қолдамаса, жарық 5 секунд ішінде тез жыпылықтайды, содан кейін сөнеді. Максималды зарядтау қуаты – 15 Вт.
4. Смартфонды ұстауыштан шығарудың (қуат көзі қосулы кезде) екі жолы бар:
  - сенсорлық батырма көмегімен: батырманы басыңыз, бекіткіштер ашылады. Шығарғаннан кейін бекіткіштер ашық қалады.
  - смартфонды тартып: шығарғаннан кейін 3 секундтан кейін бекіткіштер ашылады.
5. Смартфон шығарылғаннан кейін индикатор жанады, құрылғы күту режиміне өтеді.
6. Қуат көзі өшірілген кезде смартфонды ұстауыштан шығару үшін оны тартыңыз, бекіткіштер жабық күйінде қалады.

**Ескерту:** смартфон мен ұстауыш арасындағы қашықтық 4–6 мм болуы керек. Ұялы телефон қабының қалыңдығы 3 мм-ден аспауы керек.

Смартфонның индуктивтілік шарғысы



Зарядтау құрылғысы Qi сымсыз стандартын қолдайтын құрылғылармен үйлесімді.

## Кепілдік міндеттемелері

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылуында ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алу сәтінен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану жағдайында кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Қызмет көрсету орталықтарының соңғы тізімі мына мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдік мерзімі: 6 ай.

Пайдалану мерзімі: 12 ай.

## **Монтаждау, сақтау, тасымалдау, сату және тастау ережелері мен шарттары**

- Құрылғыны монтаждау ережелері мен шарттары осы нұсқаулықтың «Орнату» бөлімінде сипатталған.
- Құрылғы өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5°C және 40°C аралығында және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерде қаптамада сақталуы керек. Үй-жайларда жемірілуді туғызатын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы керек.
- Құрылғыны ұқыпты пайдалану қажет, оны шаңның, ластанудың, соққының, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына оны ұлттық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және тастау үшін тиісті электр және электрондық жабдықты қабылдау орнына тапсыруға болады. Осы өнімнің дұрыс утилизациялануын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және лайықсыз қолдану жағдайында қоршаған орта мен адамдардың денсаулығы үшін орын алуы мүмкін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және тастау орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығарушы кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақау пайда болса, дереу ресми қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны тастаңыз.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Шэньчжэнь Цифаньсин Электроник  
Тэкнолоджи Ко., Лтд.  
902, 1-ғимарат Цзяньюй бірінші өнеркәсіптік  
аймағы, Гушу Нанчан, Сейсян көш., Баоань ауданы,  
Шэньчжэнь қ., Қытай.  
Қытайда жасалған.

**Импортёр / юр.лицо, принимающее претензии  
в Казахстане:**

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н  
Сарыарка, пр-т Сарыарка, зд. 12, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар  
қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС,  
Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы  
Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының КО ТР 020/2011  
«Техникалық құралдардың электромагниттік  
үйлесімділігі» техникалық регламентінің  
талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы көрінісі мен оның  
сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгертілуі  
мүмкін. Құрылғының жиынтығы алдын ала  
ескертусіз өзгертілуі мүмкін.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс  
тіліндегі нұсқасында көрсетілген.